

«Қарлығаш» бөбекжай –  
бақшасының меңгерушісі:

Бекітемін

И.Беркінбаева

«Армысың, Өз Наурыз!» атты мерекелік іс – шаралар жопары  
/2024 – 2025 оқу жылы/

| Қ/с | Іс – шара атауы                                                                                  | Орындалу мерзімі | Жауапты                                                 |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|---------------------------------------------------------|
| 1   | Бөбекжай – бақша ішін ұлттық накышта безендіру                                                   | 14 наурыз        | Әдіскер<br>А.Мақұлбекова<br>Тәрбиешілер                 |
| 2   | «Көрісу күні – Амал мерекесі»<br>/Ұжымнан шыққан зейнеткерлерді<br>құттықтап баруды ұйымдастыру/ | 14 наурыз        | Әдіскер<br>А.Мақұлбекова                                |
| 3   | «Таза ауыл»<br>/сенбілік өткізу/                                                                 | 14 наурыз        | Медбике<br>А.Қараходжаева                               |
| 4   | «Наурыз - тілек» /тілек жазу, бата беру/                                                         | 14 – 20 наурыз   | Педагогтар                                              |
| 5   | «Жаксылық жасап жарысайықшы!»<br>/қайырымдылық акциясын өткізу/                                  | 15 наурыз        | Әдіскер<br>А.Мақұлбекова<br>Тәрбиешілер                 |
| 6   | «Шаңырақ күні»<br>/ата – аналармен бірлескен жұмыстары<br>бойынша бейнероликтер түсіру/          | 16 наурыз        | Әдіскер<br>А.Мақұлбекова<br>Тәрбиешілер<br>Ата – аналар |
| 7   | «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні»<br>/«Балалар кітапханасы» аясында кітап<br>сыйлау/       | 17 наурыз        | Әдіскер<br>А.Мақұлбекова<br>Тәрбиешілер                 |
| 8   | «Ұлттық киім күні»<br>/тақырыптық челлендж ұйымдастыру/                                          | 18 наурыз        | Әдіскер<br>А.Мақұлбекова                                |
| 9   | «Жанару күні»<br>/көктемгі ағаш егу акциясын өткізу, ата –<br>аналарды тарту/                    | 19 наурыз        | Шаруашылық<br>менгерушісі<br>Ү.Төлепбергенова           |
| 10  | «Әжемнің базарлығы»<br>/«Әжелер мектебінің» ұйымдастыруымен<br>әжелердің ертегі, әндерін тыңдау/ | 19 наурыз        | Тәрбиешілер                                             |
| 11  | Ұлттық спорт күні<br>/топтарда ұлттық ойындар өткізу/                                            | 20 наурыз        | Тәрбиеші<br>Ж.Тілеулиева                                |
| 12  | «Армысың, Өз Наурыз!»<br>/мерекелік концерттік бағдарлама/                                       | 20 наурыз        | Әдіскер<br>А.Мақұлбекова<br>Тәрбиешілер                 |
| 13  | «Наурыз - базарлық»<br>/тәрбиеленушілерге сый жасау/                                             | 20 наурыз        | Кәсіподақ ұйымының<br>төрайымы<br>А.Әбжаппарова         |
| 14  | Өткізілген іс – шараларды әлеуметтік<br>желілерге жариялау                                       | Күнделікті       | Әдіскер<br>А.Мақұлбекова                                |

«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы

## «Армысың, Әз Наурыз!»

/ертеңгілік/

2024 – 2025 оқу жылы



«Қарлығаш» б/б меңгерушісі:

Бекітемін

И.Беркінбаева

**Тақырыбы:** «Армысың, Өз Наурыз!»

**Максаты:**

Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Мерекелік көңіл күй сыйлау, ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, халқымыздың әдет –ғұрып, салт-дәстүрлері мен ұлттық ойындарына деген қызығушылықтарын арттыру, ұлттық мейрамның ерекшелігін бала бойына сіңіру.

**Жүргізуші:**

Наурыз мейрам жүректерге нұр сепкен,  
Маңдайымнан сүйіп жатыр күн көктем.

Жарығыңмен, шуағыңмен Күн – Ана,  
Алып келдің жер бетіне гүл көктем.

Жыр сыйлайық, нұр сыйлайық тірлікке,  
Қастерледік қадірінді білдік те.

Құтты болсын ұлыс күн жұмылдырған,  
Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке.

-Құрметті ата-аналар, қонақтар, балалар! Ұлыстың ұлы күні, Наурыз мейрамы құтты болсын! Жаңа жылымыз әрбіріңіздің шаңырақтарыңызға құт –береке, ырыс, ынтымақ ала келсін- деп, мерекелік құттықтау сөзді балабақшамыздың меңгерушісі Беркінбаева Индира Ертайқызына берейік.

**Жүргізуші:**

Тойла бүгін тауларым мен боз далам,

Тойла бүгін қарттарым мен бозбалам.

Қайта оралған намысындай қазақтың,

Жаңа жыл боп қош келіпсің, Наурызым! -дей отыра ертеңгілігімізді әнмен ашайық.

**Қалманқызы Жазираның орындауында**

**Ән: «Мереке»**

Әндетіп Алдар көсе кіреді.

Мен Алдармын, Алдармын,

Балалармен ойнармын.

Сақал түгіл мұртта жоқ,

Оның несін талдармын.

А-а-а-а-а, Е-е-е-е-е.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

-Амансыңдар ма?

Балалар, мен бүгін «Қарлығаш» балабақшасында Наурыз тойы өтіп жатқанын жол-жөнекей естідім де, сендерге қонаққа келдім.

**Жүргізуші:** Қош келдің, Алдар көсе төрлет!

Балалар Алдар көсеге Наурыз тойына арнап жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

**Бибарыс:**

Көктем келді ,балақай,  
Жасарды жер,алақай,  
Наурыз тойын тойлайық,  
Әсем әнге салайық.

**Абдурахим:**

Бата беріп атамыз,  
Бата беріп апамыз.  
Тәтті болып жасаған,  
Көжеден дәм татамыз.

**Айсезім:**

Наурыз шаттық әніміз,  
Салтанатты сәніміз.  
Ән саламыз бәріміз,  
Би билейміз бәріміз.

**Ернар:**

Ой, халайық, халайық,  
Әсем әнге салайық.  
Наурыз тойын көңілді,  
Бірге қарсы алайық.

**Ән «Наурыз - көктем»**

**Орындайтын Сансызбай Айкөркем**

**Би «Келіншек» күйі**

**Орындайтын ортаңғы топ ұл-қыздары**

**Би «Шолпы»**

**Орындайтын МАД топ қыздары**

**Алдар көсе:**

-Жарайсыңдар, балалар!

Өнерлерін өрге жүзсін. Балалар, бүгінгі мерекемізге орай ұлттық ойын ойнайық.

**Ұлттық ойын: «Арқан тартыс»**

**МАД және ересек топ ұлдары арасында.**

Ойынның шарты: Ұлдар екі топқа бөлініп, арқанның екі шетінен ұстап тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алса, сол топ жеңіске жетеді.

**Алдар көсе:**



Жарайсындар, балалар, мықты екенсіңдер. Жүріңдер кеттік, енді мектептің балаларымен күш сынасайық. Қане, кеттік.

**Би «Бипыл»**

**Орындайтын кіші топ бүлдіршіндері**

**Би «Қамажай»**

**Орындайтын ортаңғы топ қыздары**

**Би «Торсық»**

**Орындайтын ересек топ қыздары**

**Жүргізуші:**

Алқа – жұртым, той – думан,  
Ортамызда ашайық.  
Ән мен күйді төгіп біз,  
Інжу маржан шашайық.

**Балабақша шығармашылық тобының орындауында  
халық әні «Балапан қаз»**

**Би: «Бәйге»**

**Орындайтын ортаңғы топ ұлдары**

**Нұрай:**

Жылдың басы Наурыз,  
Жердің басы Наурыз.  
Мерекеге арналсын  
Бүгінгі жыр әніміз.

**Сафия:**

Жеті түрлі дән салып,  
Дәм татқызған Наурыз.  
Жақсылық тілеп халыққа,  
Молшылық әкелсін Наурыз!

**Аруна:**

Наурыз келді еліме.  
Наурыз келді жеріме  
Байлық, бақыт тілеймін,  
Бүкіл қазақ еліне.

**Ержігіт:**

Наурыз жауын, наурыз сән,

Әсем әуен, сазды ән  
Қыз бозбала қыдырған  
Жасыл желек, көк аспан.

Би «Сүгір» күйі  
Орындайтын МАД топ ұлдары

«Адай» Биі  
Орындайтын ересек тобының ұлдары

**Жүргізуші:**

Кең болсын қазағымның керегесі,  
Кетпесін Алла берген берекесі.  
Алаштың баласына нәсіп болған,  
Құтты болсын Наурыз мерекесі - дей отыра, кезекті тағы бір қазағымыздың  
салт – дәстүрі айтысқа берейік.

**Айтыс:**

Орындайтын Мұратбек Нұрәли мен Мейрамбек Асылым

Ән «Қош келдің, Наурыз!»  
Орындайтын Меккенбай Асылай

Би: «Аса таяқ»  
Орындайтын ересек топ қыздары

Балабақша шығармашылық тобының орындауында  
халық әні «Сәулем - ай»

Би: «Қара жорға»  
Орындайтын МАД топ қыздары

**Жүргізуші:**

Қашанда құт-береке орнасын деп,  
Тойларда шашу шашу –салты елімнің.  
Уа, халайық! Теріп ал несібеңді,  
Қабыл болсын, халаайық, ақ тілеуің!  
Осымен , «Армысың , Әз Наурыз» атты ертеңгілігіміз аяқталды.  
Қош,сау болыңыздар.



**«НАУРЫЗНАМА» онкүндігі аясында өткізілген  
«Армысың, Әз Наурыз!» атты мерекелік іс – шараның анықтамасы.**

Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы 2025 жылдың 14 – 20 наурызы аралығында «НАУРЫЗНАМА» онкүндігінің аясында «Армысың, Әз Наурыз!» атты мерекелік іс – шаралар өткізілді.

14 наурыз «Көрісу күні – Амал мерекесі» күні ұжым қызметкерлері және мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері көрісу амалын жасап, бір – біріне жылы тілектерін айтты. Сонымен бірге осы күні мекеме аумағына тазалық жұмыстары жүргізілді.

15 наурыз күні «Жақсылық жасап жарысайықшы!» қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, педагогтар көпбалалы отбасынан шыққан бөбекжай – бақшамыздың тәрбиеленушісіне сыйлық жасап, мерекесімен құттықтап қайтты.


16 наурыз «Шаңырақ күнінде» ата – аналарға ұлттық және отбасылық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында балалармен бірлесе отырып, бейнеролик түсіру тапсырылды. Бірнеше ата – ана тапсырманы уақытында және сапалы орындады.

17 наурыз күні «Балалар кітапханасы» аясында «Балаларға кітап сыйлайық!» акциясы өткізілді. Ата – аналарымыз бұл акцияға да белсене қатысып, бөбекжай – бақшаның кітап қорының молаюына үлестерін қосты.

18 наурыз «Ұлттық киім күні» ұжым қызметкерлері мен тәрбиеленушілері түгелдей ұлттық киіммен келіп, ұлттық киімдерімізді ұлықтады.

19 наурыз күні «Әжемнің базарлығы» тақырыбындағы іс – шарамызда «Әжелер мектебінің» мүшелері топ балаларына ертегі мен әннен шашу шашты.

20 наурыз күні «Армысың, Әз Наурыз!» атты ертеңгілік өткізілді. Музыка залы ұлттық нақышта безендірілді. Балаларымыз бен тәрбиешілеріміз ұлттық киіммен өнер көрсетті. Ертеңгілік барысында ұлттық өнеріміз көрсетіліп, ұлттық ойын ойналды. Алдар көсе образының келуі балалардың қызығушылықтарын арттырды. Сондай – ақ, онкүндіктің барысында жақсы қатысқан ата – аналарға сый жасалды. Ертеңгілік соңында балаларымызға арнап жасалған наурыз көже берілді.

Әдіскер:  А.Мақұлбекова